


С.Оразалин атындағы жалпы орта білім беретін мектеп кітапханашының
2021-2022 оқу жылы бойынша талдау жұмысы

Оқу жылы бойынша мектеп кітапханасы қорының саны – 12859 дана. Оның ішінде 8982 дана мектеп оқулықтары, 3877-сі әдеби кітап, әдістеме саны – 143, электронды оқулықтар саны – 1180, кордың есүі – 1235. Жыл басында 1-11-сынып окушыларына оқулықтар таратылып, 100 % оқулықпен қамтылды, әсіреке көп балалы отбасы балаларына оқулық ең алдымен таратылды. Мектеп кітапханасына қуніге 7-8 оқырман келеді, әсіреке бастауыш және орта буын окушылары кітапханамен тығыз байланыс жасайды.


Мектеп кітапханасының жылдық жоспарына сәйкес жыл бойына тақырыптық, танымдық шаралар өз уақытымен өткізілді. Атап айттар болсам, 1 қыркүйек – білім күніне орай, 5 қыркүйек – Тілдер күні мерекесіне арналып «Ана тілін алпыс тілге татиды», 15 қыркүйек-отбасы күніне орай «Отбасы-менің бақытым» атты көрме үйимдастырылды. Сонымен қатар мектеп кітапханасына келіп отыратын жана кітаптармен таныстыру шарасы да өз уақытымен жүріп отырды. Мәселен, алдымен мектеп окушыларына жаңа кітаптардың мазмұны, тақырыбы мен идеясы таныстырылып, оқып көруге шакырылады. Қызықкан окушылар алдымен өздері оқып, онан соң оның мазмұнымен басқа окушыларды таныстырады. Сондай шараның бірін инста парапкашасына жариялады.



«Қасым Аманжоловтың 110 жылдық мерейтойына орай», 1 желтоқсан - Елбасы күніне орай «Егemen Қазақстан және Елбасы» тақырыбында, қантар айында «Дінмұхаммед Қонаевтың 110 жылдығына» орай, 1 мамыр – Бірлік, ынтымак мерекесіне орай 29 сәуір күні бүршіш жасалып, мерекенің маңыздылығы (<https://www.instagram.com/p/Cc70CPNsblj/?igsh=MWpkMHdubjZ5YmFuaQ==>) түсіндірліді.





9 мамыр – Женіс күні мерекесіне орай «Ұлы Отан соғыс жылдарында» тақырыбында, (<https://www.instagram.com/p/CdXYkUToKx5/?igsh=MWR6bTQ2HNzdmtqOA==>) сонымен қатар атаулы күндердің барлығына арнайы тақырыптық көрмелер мен библиографиялық бүршіштар үйимдастырылды. Соның ішіндегі ең үлкен көрме – «Букросинг» кітап алмастырып оку аланының жасақталуы болды.



Өте үткімді жасалынған көрме аланы ұстаздар мен жас оқырмандардың кітап окуға деген қызыгушылығын арттырыды. Сонымен бірге мектептің бастауыш буынына келген МАД тобының



окушылары мен 1-сынып окушыларын мектеп кітапханасымен таныстыру мақсатында «Кітаппен бірге осеміз» және «Кітап – білім ордасы» тақырыбында кітапханаға саяхат жасалды. Жыл сонына қарай



бастауыш сыйнып окушыларының арасында «Ертегілер жолында» атты ертегі кітаптар оқып, кейіпкерлерімен таныстыру мақсатында танымдық сабак өткізіліп, жылдық жұмысты корытындылау



(<https://www.instagram.com/p/Cd8Sdt5gB87/?igsh=MWIpOHJhdnoxMDNoZQ==>)
мақсатында бастауыш сыйныптар арасында, әр сыйныптың мектеп кітапханасымен жыл бойына тығыз байланыста болып, үнемі, жиі келіп тұратын «Үздік оқырман» окушылары анықталып, арнайы мадақтамалармен марараптталды.

Сонымен катар республикалық «Оқуға құштар үлт, оқуға құштар мектеп» жобасы аясында облыстық, аудандық жопарларга сәйкес мектеп кітапханасында жылдық жоспар жасалды. Осы жоспарға




сәйкес жыл басында-ақ «Бірге оқимыз» тақырыбында оқырмандар бүршіші жасалды. Оған қоса мектеп




оқушылардың арасында «Мен оқыған кітапты сен де оқы» марафоны өткізілді. Оқушылар өздерінің оқыған кітаптарын басқа да оқушыларға насиҳаттады. «Кітапхана- ғажайып қазына» акциясы аясында «Кітапхананда кітап сыйла» жобасына орай әдеби кітаптар жинау ісі атқарылды. Оған қоса мектепшілік «Өзін-өзі тану пәннің онқундігіне» орай 4 акпанды «Алтын жүректі Ана» тақырыбында бұрыш үйімдастырылып, оқушыларға Сара Алпысқызының өмірі мен қызметі жайында мәліметтер айтылды.
(<https://www.instagram.com/p/CZjcb1rAA8Q/?igsh=MThvMHVyb2ltORrZA==>)



«Окуға құштар мектеп» жобасы аясында 22 акпанды «Ертегілер елінде» шаrasы өтті. Онда оқушылар мектеп кітапханасындағы өртегі кітаптар мен балалар журналындағы өртегілермен танысты .
(<https://www.instagram.com/p/CaUa4QyAn4C/?igsh=NmQ1MNdNmNpntc2Ry>)




Быыл белгілі ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының тұганына 150 жыл толады. Осы мерейтойға орай орта




буын оқушылардың арасында ақынның шығармашылығын насиҳаттау мақсатында «Ұлт ұстазы» атты поэзия минуты өткізіліп, ақынның өлеңдері мәнерлелеп, жатқа оқылды, мысал өлеңдері оқылды.
(<https://www.instagram.com/p/CaXhRSXgdol/?idsh=eThjY3FidW90ZmVx>)

Аудандық катынас қағазы негізінде Әке рөлінің беделін жоғарылату мақсатында «Менің Әкем» тақырыбында 5-сынып оқушылардың арасында шығарма жазу жұмысы атқарылды. Жазба жұмыстарында



окушылар өз отбасының тірепі саналатын Аскар таудай әкелеріне деген ыстық сезімдерін көркем тіл оралымдарымен мазмұнды жеткізген. Сонымен қатар «Кітап – тарихи шежіре» тақырыбында окушылар-



дың қыстық, көктемгі демалыс уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында кітап оку ісі насихатталды. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 17 мамыр күні «Анаммен бірге оқимын» шарасы үйымдастырылып, балалары мен аналары қандай шығармаларды қызығып оқытындығы, балаларын кітап окуға қалайша қызықтыратындықтары жайы тындалып, ата-аналар арасында мазмұнды ой бөліс өтті. (<https://www.instagram.com/p/CdpwNmtAKs5/?idsh=YWxuc3NvdGIkaTRt>)



Жыл сонында «Мектептің белсенді оқырманы» анықталып марарапатталды.

Мектепшілік жұмыстармен қатар аудан орталығында үйымдастырылған шарапалардан да қалыс қалмадық, соның бірі аудан кітапханашыларының семинары өтті. Семинарда өзекті тақырыптар талқыланып, кітапхана жұмысының маңыздылығы мен тынымсыз қызметі жайы энгімеленді.



2022 жыл – Балалар жылы аталауына орай аудан орталығында бірнеше шарапалар үйымдастырылды.

Мәселен, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының 5 жылдығына орай үйымдастырылған «Қәнеки, тілім, сейлеш!» аудандық байқауына 5-сынып окушысы Сұндет Назерке катынасып, «Әйтке би» номинациясын жеңіп алса, аудандық «Көп білгім келеді» байқауына 5-сынып окушысы Аскар Алға



катаинасып, белсene қатысқаны үшін мадақтамамен марапатталды. Ал, 23 мамыр күні ауданда откізілген 10-16 жас аралығындағы «Үздік жас оқырман - 2022» байқауына катынасқан 10-сынып окушысы **Касымов Мұхамедияр** бас жүлдені иеленіп, облыска жолдама алды, ал облыстық



кезеңінен
белсene қатынасқаны үшін сертификат иеленді.



«Танымның бар тамашасы кітапта, оған қол жеткізу үшін кітап оқудан жалықпа» деп Абай атамыз айтқандай, кітаппен дос болу мақсатында оқушыларға тиімді жағдайлардың барлығы мектебімізде жасалуда.

Мектеп кітапханашысы: С.С.Набиева